

М. Қ. Балтабасова,
*азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция майоры (ҚР ІІМ Б.
Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан тұйық су алабы. Дүние жүзіндегі ең ірі тұйық су айдыны, үлкендігіне қарап теңіз деп атайды. Ауданы 376 000 км². Меридиан бағытында 1 200 км-ге созылған, орташа ені 300 км. Жағалау сызығының ұзындығы 7 000 км, оның Қазақстанға тиесілі ұзындығы 2 340 км (солтүстік жағалауының басым бөлігі және шығыс жағалаудың солтүстік жартысы), қалғаны Ресей, Әзербайжан, Түрікменстан және Иран жерімен шектеседі. Беті мұхит деңгейінен 28 м төменде жатыр. Ең терең жері 1 025 м, орташа тереңдігі 180 м. Ірі шығанақтары: Маңғыстау, Қазақ, Қара-бұғаз-көл, т. б. 50-ге тарта аралдар бар (ірілері: Құлалы, Шешен, Артем, т. б.).

Соңғы он жылдықтағы антропогенді және биохимиялық факторлардың әсерінен экожүйе-нің жалпы жағдайы, әсіресе теңіздің солтүстік шығыс бөлігіндегі жағдай нашарлап кетті. Жалпы, Каспий теңізі экожүйесінің жағдайы дағдарыс алды деп бағаланады, және де сол-түстік-шығыс бөлікте мұнай алуға кіші су қоймаларын жоспарлары бойынша жасаса, оның табиғи ортасын ірі масштабта нашарлатуы мүмкін. Каспийдің жоғары деңгейде ластануының кәптеген себептері баршылық. Соның бірі ретінде теңіз астындағы кәмірсутегі шикізаттардың белгілі бір мөлшерде сақталуы, халықтың және әнеркәсіптің жоғары тығыздығы, құлама әзендердің бойындағы ауыл шаруашылығының белсенді игерілуі, «әзен-теңіз» деген айқын кәрінерлік геохимиялық тосқауылдың болмауы, бассейнің тұйықтығы және т. б. Мұнай, фенол сияқты ластаушылардың кей мөлшерінің теңіз суына түсуі табиғи процестердің нәтижесінде болады. Теңіздің басты ластаушысы мұнай болып табылады. Мұнай — әзіндік иісі бар кара-қоңыр түсті тұтқыр майлы сұйықтық. Мұнай әнімдері шекті, шексіз қатарлардан тұратын кәмірсутегілердің күрделі қоспасынан тұрады. Қоршаған орта мен оның тұрғындарына мұнай және оның әнімдері қандай зиян келтіреді? Судың кәп бөлігінің бетін жұқа пленка түрінде жайылу арқылы мұнай кәптеген тірі микроорганизмдерге зиян әсер етіп, биологиялық тізбектің барлық әкілдерін жоя алу мүмкіндігі бар. Теңізге түскен мұнай әнімдері балықтардың уылдырығы, дернәсілі мен шабақтарының сапасына кері әсер етіп, қоректік базаны жояды. Тек мұнайдың 1 тоннасы теңіздің 12 км² беттік кәлемін ала алады. Теңіздер мен мұхит-тар бетіндегі мұнай пленкалары энергия, жылу, ылғалдылық және су қоймалар мен атмосфера-радағы газдар алмасуын бұза алады; физико-химиялық процестерді өзгертеді: су беткейінің температурасы жоғарылайды, газ алмасу нашарлаған соң, балық кетуі не әлуі мүмкін, сон-дай-ақ су түбіне тұнған мұнайда барлық тірі организмдерге зиянды әсер етеді; мұнайдың жинақталуы жоғары ұйымдастырылған жануарлар мен қарапайымдылардың қоректену тізбегінде болады. Теңіздің биологиялық тепе-теңдігіне мұнаймен ластану жойқын түрде әсер 144

етеді: дақтар күн сәулелерін өткізбейді, судағы оттегінің жаңаруын баяулатады және биологиялық өнімділік төмендейді. Кейде мұнайдың улы компоненті балықтардың, теңіз құстарының өліміне себепкер болады. Теңіз жануарларының етіндегі дәмнің сапасына кері әсер етеді. Мұнаймен уланудың қауіптілігі оның концентрациясының жоғарылуымен байланысты.

Каспий теңізі жағалауындағы 5 мемлекет (Әзербайжан, Иран, Ресей, Түрікменстан және Қазақстан) Дүниежүзілік банкпен, БҰҰ-ның Адамды қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен бірлесе отырып, Каспий экологиялық бағдарламасын (КЭП) жасап, оны іске асыруда. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты — экологиялық тұрақтылықты дамыту және Каспий аймағының табиғи ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету. КЭП-тің негізгі бағыттары: теңіз деңгейінің өзгерісі жағдайында жергілікті тұрғындардың тұрмысы мен шаруашылық жұмыстарының тұрақтылығын қамтамасыз ету; Каспий теңізі мен оның биоресурстарын ластанудан арылтып, қоршаған орта жағдайын жақсарту; теңіздің экожүйесін сауықтырып, қалпына келтіру және оның биологиялық алуан түрлілігін сақтау; Каспий теңізінің экологиялық жағдайы соңғы жылдары су деңгейінің көтерілуімен байланысты.

Каспий теңізінің көтерілуі оның маңындағы мемлекеттерге кәштеген проблемалар туғызып отыр. Оның бастысы — экологиялық жағдайлар. Біріншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауындағы табиғи жайылымдардың көлемін тарылтып, құстар мен жануарлардың мекенін басып қалды. Суға тосқауыл үшін соғылған бөгеттер жағалаудың фаунасы мен флорасына зор шығын келтірді. Балықтардың уылдырық шашу аясы мен құстардың ұя салу тығыздығы кеміп, биоқөптүрліліктің азайып кету проблемасын туғызып отыр. Екіншіден, теңіз деңгейінің көтерілуі судың, ауа мен топырақтың ластануына, одан әрі экологиялық апатқа апарды. Судың мұнай өнімдерімен ластануы 1980 жылдан бастап күшейе түсті. Су құрамында пестицид және ауыр металдардың көбеюі бекіре сияқты бағалы балықтар, теңіз мысығы, құстардың жаппай ауруларға ұшырап, қырылып қалу фактілерін жиілетті. Соңғы мәліметтер бойынша бекіре балықтарын аулау 40 %-ға азайды.

Үшіншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауларындағы мұнай ұңғыларын, мұнай қоймаларын, мұнай өндіретін өнеркәсіп орындарын, балық комбинаттарын, елді мекендерді су басып, орасан зор шығын келтіре бастады.

Төртіншіден, мұнай игеруге шетелдік инвесторларды тарту Каспий теңізінің экологиясын одан әрі шиеленістіре түсуде. Мұнай өндірумен бірге ауаға шығатын ілеспе газдардың көтерілуі аймақтың ауа ағынында зиянды газдар үлесін көбейтіп отыр. Теңіз жағалауларының тозуы техногендік процестерді жылдамдатып, аумақтың шөлге айналуына себепші болып отыр.

Каспий мен оның жағалауындағы экологиялық проблемалар сол аймақтағы елдердің экстенсивті экономикалық дамуының себебі болып табылады. Оған ұзақ уақыттағы табиғи өзгерістер (теңіз деңгейінің ғасырлық ауытқуы, климаттың өзгеруі) мен осы күнгі әлуметтік-экономикалық проблемалар (ауыспалы период, экономикалық кризис, конфликттер, транснациональды корпорациялардың енуі) да қосылады. Ғалымдар Каспийді қандай да бір мемлекеттің «қызығушылық сферасында» екенін айта отырып, сол мемлекеттер «Каспийдің әсері сферасында» деген фактты ұмытуда. Мысалы, Каспий мұнайына салынған 10—50 млрд доллар шамасындағы батыс инвестициялардың фондында каспий шабақ балықтарының жаппай қырылуының экономикалық салдары «бар болғаны» 2 млн доллар мөлшерімен сипатталады. Алайда бұл шығын 200 мың тонна арзан ақуызды тағаммен өлшенеді. Каспий маңы аймағында керекті заттардың аздығынан туған тұрақсыз жағдай, әлеуметтік тәуекел батыс мұнай базарында аса үлкен қиыншылықтарға алып келуі мүмкін, ал келеңсіз жағдайда тіпті кең масштабты отын кризисін туғызуы мүмкін. Адамзат әрекетіне нұқсан келтіретін зиянның көп мөлшері экономикалық есептің сыртқы бетінде қалады. Биоөркелкілік пен экологиялық қызметтерге экономикалық баға беру әдістерінің жоқтығы каспий маңы елдері кен табу мен аграрлы индустрияны дамытып, ал биоқор, туризм және рекреацияның тежелуіне әкелді. Каспий теңізі бассейнінде кәмірсу ресурстарын талдау және қолдану барысында қоршаған ортаны сақтау шараларын жүргізу керек. Каспий теңізінің аймағы кризис сатысында тұрған экологиялық зоналарға кіреді. Сондықтан да, Каспий маңындағы мемлекеттер кәмірсу шикізаттарын шығару барысында каспий экожүйесіне техногенді әсерді тоқтатын немесе азайтатын біркелкі, нормативті және құқықты документ шығаруы тиіс. Егер осы елдер табиғи ресурстарды бірігіп пайдаланып, өсімдіктер мен жануарлардың санын көбейту жөнінде жұмыстар

жүргізіп, сонымен қатар табиғатты қорғаудағы іс-шаралар ұымдастырғанда ғана Каспийді сақтап қалу мүмкін. Каспийдегі апат жағдайында дереу іске қосылатын халықаралық қызметтердің маңызы зор. Сонымен бірге біз Каспийдің экологиялық Фондын қажет етеміз. Себебі, қорғаныс қаражатсыз мүмкін емес. Қазақстан Республикасының экологиялық заңдарын қарай отырып, бақылауды күшейтуді және жаңа нормативтік актілерді қолданған жөн. Каспий теңізінің қатерінің алдын алу үшін мұнай әнімдерін алуды қысқарту, теңіздің биологиялық ресурстарын кепілдікке алу, мұнай операцияларын қадағалау керек.

Каспий проблемасы бүгінгі таңда күрделі аймақтық экологиялық проблемаға айналды. Каспий мұнайын игеру жоғары қарқынмен жүргізіліп, ұзақ жылдарға жоспарлануда. Бұл проблема тек Қазақстан ғана емес Ресей, Әзірбайжан, Түркменстан және Иран республика-ларына да тән ортақ іс. Ең бастысы Каспий теңізінің фаунасы мен флорасының әртүрлілігін сақтап қалу. Каспий проблемасы бұл деңгейінде көтерілуде. Соның бірі 1999 жылы Кәкше-тау қаласында «Каспий теңізінің биокөптүрлілігін сақтаудың белсенділігін бағалау» тақыры-бында өткен бірінші аймақтық семинар болды. Мемлекетаралық деңгейде өткен кеңестің мақсаты — Каспий жағалауларындағы мемлекеттермен біріге отырып, Каспий теңізінің эко-логиялық проблемаларын шешудің ең тиімді жолдарын қарастыру. Теңіз эко-жүйесінде туындап отырған проблемаларды саралап және баға бере отырып, экологиялық аппараттарға жол бермеуге және оны тез арада шешуге мақсат қойылды. Бұл игі істер адам баласының дүниежүзілік маңызы бар Каспий сияқты су айдынын сақтап қалу шараларының бастамасы.

1 «Каспий теңізінде тәтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 ж. 23 маусым // <http://online.zakon.kz>

2 <http://www.dissercat.com/content/nezakonnaya-dobycha-ryby-na-akvatorii-dagestanskogo-poberezhya-kaspiiskogo-morya-ugolovno-pr#ixzz4B3kervGy>